

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

**Астана қаласы әкімдігінің
«№60 мектеп- лицей» ШЖҚ МКК**

№60 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Астана қаласы әкімдігінің
«№60 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік
коммуналдық кәсіпорнының өзін-өзі бағалау жөніндегі қорытынды
ЕСЕБІ

«15» маусым 2024 жыл

Астана қаласы әкімдігінің «№60 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК өзін-өзі бағалауы бойынша комиссия құру туралы» бұйрық шығарды. Мектептің өзін-өзі бағалауы бойынша төмендегі құрамда комиссия бекітілді:

№	Комиссия	Аты-жөні	Лауазымы
1	Төрайымы	Болатева Р.А.	Директор
2	Комиссия мүшелері	Байшагирова Б.Д.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
3		Баярстанова А.А.	Директордың бейіндік істер жөніндегі орынбасары
4		Ашимова Ж.Р.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
5		Шавалиева Г.М.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
6		Тулбаева Б.Н.	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
7		Есманова С.С.	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
8		Сипульдина А.М.	Директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары
9		Искакова М.Д.	Бастауыш сынып мұғалімі

<https://drive.google.com/drive/folders/1SGdVcqcCU2M25Wnzll3sD60FlyENKa5S>

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты

1. Оқу-тәрбие жөнінде нақты ақпарат алу;
2. Мектеп-лицейдің педагогикалық үрдіс сапасы мен нәтижесі жөніндегі тиімді жұмысты анықтау;
3. Оқушыларды еңбекке жұмылдырылуын, өзін-өзі дамуының мүмкіндіктерін, әлеуметтік кемелденуінің деңгейін бақылау;
4. Мектеп-лицей оқушыларының жағдайы туралы нақты ақпарат алу.

Өзін-өзі бағалаудың міндеттері:

1. Өзін-өзі бағалау мен оқу нысандарындағы өлшенетін сапаларының дәрежесін анықтау;
2. Мектеп-лицейдің педагогикалық жүйесінде инновациялық сапалардың бар болуы мен болмауын тану;
3. Мектеп-лицейдің педагогикалық үрдісін бағалау сипаттамасының тұтас жүйесін құру;
4. Жалпы мектеп-лицейдің білім жүйесін, тәрбие дәрежесін, бағалау (өзіндік бағалау) нысандарында жағымды тенденцияны тану;
5. Оқу-тәрбиені бағалау (өзіндік бағалау) кезінде пайда болған проблемалардың шешу жолдары мен туындаған себептерін анықтау.

Мекеме өз қызметінде басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын (1995 жылғы 30 тамыз, ҚР 2007 жылғы 21 мамырдағы Заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтырулар);
- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңын;
- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңын;
- Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары туралы» №345-II Заңын (09.04.2016 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен);
- Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» № 151- I Заңын;
- Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» № 267- I Заңын;

- ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексін, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сонымен қатар Мекеме Жарғысын басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының (бұдан әрі – заң) 5-бабының 21-2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау критерийлерін бекіту туралы»

№ 486 (бұдан әрі – бағалау критерийлері) бұйрығына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің Астана қаласының Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің (бұдан әрі – Департамент) бұйрығымен, бағалау критерийлерінің тізбесі негізінде «№60 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК 2023-2024 оқу жылының есепті кезеңдегі қызметіне өзін-өзі талдауын жүргізді.

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының аталуы, орналасқан жері (заңды мекен-жайы және нақты орналасқан мекен-жайы): Астана қаласы әкімдігінің «№ 60 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Заңды мекен-жайы: 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Степан Кубрин көшесі, 21/1.

2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды почта, web-сайт): телефон: +7(7172)50-51-38; +7(7172)50-16-00, электрондық пошта: Astana60@edu.kz, <https://60.astana-bilim.kz/> - мектеп сайты.

3) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының ФАӘ және лауазымға тағайындау бұйрығы туралы деректер): мектеп-лицей директоры –Болатаева Роза Аблакимовна, байланыс телефоны: + 77014253197

https://drive.google.com/drive/folders/1oDyCBHC9HF3EU_vbNlk3yk5SB3_PqBWP

Астана қаласы әкімдігінің 02.09.2008 жылғы №22-1023қ қаулысының негізінде, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын ретінде Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 26.07.2019 жылғы №107-999 негізінде әрекет етеді.

4) Құқық беруші және құрылтайшы құжаттар: 07.11.2019 ж. мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік, БСН №080940014056. Қазақстан

Республикасының заңнамасы шеңберінде куәландырушы қызметті жүзеге асыру құқығы құрылтай құжаттарына сәйкес берілді. (1-қосымша)

5) Рұқсат етуші құжаттар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Астана қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті берген №KZ55LAA00034034 мемлекеттік лицензиясы негізінде жүргізіледі. Бастапқы берілген лицензия № 0129856 29.12.2009 ж., қосымша берілген күні: 14.04.2023 ж.

Лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі (түрлері):

- бастауыш білім беру;
- негізгі орта білім беру;
- жалпы орта білім беру.

II. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ

1. тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтер туралы мәліметтер немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтер туралы мәліметтер:

Білімі	2021-2022жж		2022-2023 жж		2023-2024 жж	
	саны	%	саны	%	саны	%
Жоғары	202	93,1%	210	96,3%	225	96,5%
Орта	15	6,9%	8	3,6%	8	3,4%
Барлығы	217		218		233	

2021-2022 оқу жылында 217 педагогтың барлығының педагогикалық білімі бар. Оның ішінде 202 педагог жоғары білімді, 15 педагог арнаулы орта білімді.

2022-2023 оқу жылында 218 педагогтың барлығының педагогикалық білімі бар. Оның ішінде 210 педагог жоғары білімді, 8 педагог арнаулы орта білімді.

2023-2024 оқу жылында 233 педагогтың барлығының педагогикалық білімі бар. Оның ішінде 225 педагог жоғары білімді, 8 педагог арнаулы орта білімді. Олардың ішінде 5 педагог бастауыш сыныптың, 3 педагог дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

2) қосымша жұмыс жағдайында жұмыс істейтін педагогтер және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер:

2023-2024 оқу жылында қоса атқару қызметіндегі мұғалімдер саны –7

№	Аты-жөні	Пәні	Жүктемелері
1	Абдуллина Алмагуль Маратовна	Қазақ тілі мен әдебиет	6 сағат
2	Ерменбаева Гульжан Какимбековна	Тарих	7 сағат
3	Машабаева Арай Мырзақәрімқызы	Домбыра	7 сағат
4	Мукашева Алия Муратовна	Ағылшын тілі	7 сағат
5	Сыздыкова Амина Бокеновна	Математика	7 сағат
6	Курамысова Мадина Муратбековна	Логопед	7 сағат
7	Сейдағалиев Ерлибек Берикович	Еңбек және бейнелеу өнері	7 сағат

3) мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының үш жылда бір рет аттестаттаудан өткендігі туралы мәліметтер:

2021-2022 оқу жылы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Аттестаттаудан өту мерзімі, бұйрығының нөмері
1	Болатаева Роза Аблакимовна	Директор	I санат 24.12.2021ж. №874 ЖҚ

2022-2023 оқу жылы

№	Аты-жөні	Лауазымы	Аттестаттаудан өту мерзімі, бұйрығының нөмері
1	Шавалиева Гульнара Муратовна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	III санат 02.10.2023ж. № 2046 ЖҚ

4) кемінде бес жылда бір рет педагогтердің біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер:

2021-2022 оқу жылында мектеп-лицейдегі жалпы мұғалім саны –217.

Педагогтардың сапалық құрамы –52,4 %.

2022-2023 оқу жылында мектеп-лицейдегі жалпы мұғалім саны – 218.

Педагогтардың сапалық құрамы – 56,4%.

2023-2024 оқу жылында мектеп-лицейдегі жалпы мұғалім саны – 233

Педагогтардың сапалық құрамы – 51,9%.

Санаты	2021-2022 о.ж.		2022-2023о.ж.		2023-2024 о.ж.	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
Шебер	7	3,2%	7	3,2%	5	2,1%
Зерттеуші	58	26,7%	55	25,2%	61	26%
Сарапшы	41	18,9%	48	22%	55	23,5%
Модератор	38	17,5%	44	20,2%	52	22,3%
Педагог					54	23,2%
Жоғары санат	5	2,3%	6	2,8%	-	-
Бірінші санат	4	1,8%	3	1,4%	-	-
Екінші санат	6	2,7%	4	1,8%	2	0,8%
Санаты жоқ	58	26,7%	51	23,4%	4	1,7%

Барлық 233 мұғалімнің сотталмағандығы туралы анықтамалары бар, кадр бөлімінің қызметкері 6 ай сайын анықтаманы жаңарту есебін жүргізеді, жұмысқа қабылдау кезінде бұл құжат әрбір қызметкерден талап етіледі.

Жалпы біліктілік санаты бойынша педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы мұғалімдерді қосқанда 121 мұғалім бұл ұжымның **51,9% үлесін құрайды.**

Мектептің педагогикалық ұжымы жыл сайын Астана қаласының емханаларында медициналық тексеруден өтеді. 2023-2024 оқу жылының басында 233 мұғалімнің барлығы жұмысқа жарамды, барлық педагогтің денсаулық кітапшалары бар.

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмысы «Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен

оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы № 72 бұйрық негізінде жүргізілді. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жоғары кәсіби құзыретті мұғалімдерді қажет етеді. Бұл мәселенің шешімі – мұғалімдердің біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру. Мектеп-лицейде мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттырудың алгоритмі жасалған. Бұл жұмыс бірнеше бағытта жүргізіледі. Мұғалімдер аттестаттау ережесіне енгізілген өзгерістер және толықтырулармен таныстырылды. 2023-2024 оқу жылында 74 мұғалім аттестациядан өтті. 18 педагогтің 30 және одан да көп жыл педагогикалық өтілі бар. Барлық лауазымдардағы педагогтердің қызметінің нәтижелерін кешенді қорытындылау кезінде біліктілік санатын растауда ПББ-дан өту талап етілмейді. 50 мұғалімнің тестілеуден өтуге өтініш берді, «USTADY» орталығы ұйымдастырған дайындық тестілеуге қатысты. 6 мұғалім ПББ-дан 2023 жылы өткен. 25 мұғалім педагог-модератор санатына өтініш берді. Педагог-модератордың біліктілік санатын беру/растау туралы шешімді білім беру ұйымдары аттестаттау комиссиялары қабылданды.

	Біліктілік санатын алған педагогтердің жалпы саны	«Педагог-модератор»	«Педагог-сарапшы»	«Педагог-зерттеуші»	«Педагог-шебер»
2021 жыл	25	14	4	7	
2022 жыл	12	6	2	4	
2023 жыл	30	12	10	7	1
2024 жыл	74	25	17	30	2

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 02 сәуірдегі № 72 бұйрығының № 60 тарауына сәйкес педагогтер «бейіні бойынша 30 және одан да көп жыл педагогикалық және өндірістік өтілі бар педагогтер жаңа жүйе бойынша берілген біліктілік санатын растаған кезде ПББ тапсырудан босатылады және қызмет нәтижелерін кешенді жинақтаудан өтеді». Осыған орай 18 мұғалім аттестаттаудан **портфолио тапсыру арқылы өздерінің біліктілік санаттарын дәлелдеді:**

1. Абишева Гульнар Кабдибековна – педагог-зерттеуші /тарих пәнінің мұғалімі/

2. Альбергенова Зейнет Зейноловна – педагог-зерттеуші /бастауыш сынып мұғалімі/
3. Алжанова Гульдана Байгозыровна - педагог-зерттеуші /биология пәнінің мұғалімі/
4. Алтаева Жанар Алмабаевна - педагог-зерттеуші / бастауыш сынып мұғалімі/
5. Ахметжанова Баян Кенгозыевна - педагог-зерттеуші /ағылшын пәнінің мұғалімі/
6. Ахметбекова Карлыгаш Ережеповна - педагог-зерттеуші /орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі/
7. Ашимова Ирина Утегеновна – педагог-зерттеуші /биология пәнінің мұғалімі/
8. Балабатырова Маржан Мухтаровна – педагог- сарапшы /қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі/
9. Байдаулетова Замзагуль Махметовна - педагог-зерттеуші /қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі/
10. Балпекова Гульмира Сарсенбаевна - педагог-зерттеуші /қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі/
11. Куанышпаева Гульнара Берикболовна - педагог-зерттеуші / бастауыш сынып мұғалімі/
12. Мусина Нурия Низамудтеновна - педагог-зерттеуші / бастауыш сынып мұғалімі/
13. Нурманбетова Раухан Энбекшиевна - педагог-зерттеуші /математика пәнінің мұғалімі/
14. Тулебаева Бахтигуль Насруллаевна - педагог-зерттеуші /қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі/
15. Тюлюбаева Гульнара Тулегеновна - педагог-зерттеуші /ағылшын пәнінің мұғалімі/
16. Қазі Гүлжан Исақызы - педагог-зерттеуші / бастауыш сынып мұғалімі/
17. Шарипова Галия Габбасовна - педагог-зерттеуші /математика пәнінің мұғалімі/
18. Шакетаева Майра Кошкимбаевна - педагог-зерттеуші /орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі/

Академиялық ғылыми дәрежесі бар педагогтер саны – 35.

Магистр дәрежесі бар мұғалімдер:

1. А.К.Асылбекова - филология ғылымдары магистрі
2. З.Н.Букенова – техника ғылымдарының магистрі

3. А.Б.Ельчибаева – химия пәнінің магистрі
4. С.О.Жакилова – педагогика ғылымдарының магистрі
5. А.Б.Жиенбай – педагогика ғылымдарының магистрі
6. А.Е.Ибрагим – гуманитарлық ғылымдарының магистрі
7. Б.Ш.Исмаилова - техника ғылымдарының магистрі
8. Б.Б.Ижанов - педагогика ғылымдарының магистрі
9. Б.Т.Кайыпбекова - педагогика ғылымының магистрі
10. Г.М.Кенжетаева – қазақ тілі мен әдебиет пәні магистрі
11. Е.Токтарбаева – экономика және бизнес магистрі
12. Б.Т.Құлтай – гуманитарлық ғылымдар магистрі
13. Э.К.Майкибаева – информатика магистрі
14. Г.К.Макадиева – лингвистика магистрі
15. С.А.Масугутова - педагогика ғылымдарының магистрі
16. А.М.Молдажанова - филология ғылымдарының магистрі
17. А.Т.Сагитова – физика магистрі
18. В.У.Тлебалдиева – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
19. Г.В.Тулегенова – педагогика мамандығы бойынша ғылым магистрі
20. А.Б.Тышибаева – информатика мамандығы бойынша білім магистрі
21. А.Ш.Сагынбаева - педагогика ғылымдарының магистрі
22. А.С.Хамитова - педагогика ғылымдарының магистрі
23. Л.К.Мунирова - педагогика ғылымдарының магистрі
24. Ш. М. Мақсұтова - педагогика ғылымдарының магистрі
25. С. О. Калмуратова - педагогика ғылымдарының магистрі
26. А. М. Сулейменов - педагогика ғылымдарының магистрі
26. А. Ж. Жұмахан - педагогика ғылымдарының магистрі
27. С. С. Есманова - педагогика ғылымдарының магистрі
28. А. М. Кудайбергенова - педагогика ғылымдарының магистрі
29. Б. Б. Мақсұт - педагогика ғылымдарының магистрі
30. А. Ж. Мукушева - филология ғылымдарының магистрі
31. Л. К. Оканова - педагогика ғылымдарының магистрі
32. Ә. Ш. Серикбаева - педагогика ғылымдарының магистрі
33. А. Ж. Таксимова - педагогика ғылымдарының магистрі
34. С. О. Хасенов - жаратылыстану ғылымдарының магистрі
35. Р. Д. Бейсенова - филология ғылымдарының магистрі

2023-2024 оқу жылы мектеп-лицейінде барлығы 233 мұғалім. Декреттік демалыста 22 мұғалім.

Мектеп-лицей әкімшілігі санаттары бойынша сандық талдауы

Лауазымы	I	II	III	Санаты жоқ	%
Директор	1	-	-	-	12,5%
Директор орынбасарлары	-	-	2	4	66,6%
Барлығы	1	-	2	4	42,8%

2022-2023 оқу жылында Г.М. Шавалиева тәрбие ісі жөніндегі орынбасар ретінде үшінші санатқа ие болуына байланысты әкімшілік қызметін одан әрі жалғастырды. Өткен оқу жылында әкімшілік құрамында кеткен кемшілік жойылды.

2023-2024 оқу жылындағы мектеп әкімшілігінің құрамы:

	Аты -жөні	Лауазымы	Жалпы еңбек өтілі	Басшы орынбасарындағы еңбек өтілі	Тағайындалған күні	Біліктілік санаты және алған күні	Оқыту пәні, біліктілік санаты, алған жылы
1	Болатова Роза Аблакимовна	директор	36	19	17.08.2022ж.	I категория, 2021 ж.	Қазақ тілі мен әдебиеті, педагог-зерттеуші, 2020 ж
2	Байшагирова Бактыбала Диханбаевна	оқу ісі жөніндегі орынбасары	32 жыл	8 жыл	5.09.2022ж.	-	Орыс тілі мен әдебиеті пәні, педагог-эксперт. 2023 ж
3	Баярстанова Аягуз Абдибековна	бейіндік істер жөніндегі орынбасары	36 жыл	8 жыл	22.11.2022 ж	-	Орыс тілі мен әдебиеті, педагог-зерттеуші, 2021 ж
4	Ашимова Жансая Рустемовна	оқу ісі жөніндегі орынбасары	12 жыл	1жыл 11 ай	08.10.2022 ж	-	География, педагог-сарапшы, 2023 ж
5	Есманова Салтанат Сейткадыровна	оқу ісі жөніндегі орынбасары	18	8 жыл	13.09.2023 ж	3-категория, 2020 ж	Физика, педагог-зерттеуші, 2019 ж
6	Шавалиева Гульнара Муратовна	тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	36	7жыл 5 ай	03.02.2016	3-категория, 2023 ж	Тарих, педагог-модератор, 2023 ж

7	Тулебаева Бахитгүл Насруллаевна	тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	31	1 жыл	13.09.2023 ж		Қазақ тілі мен әдебиеті, педагог-зертт еуші, 2018
---	---------------------------------------	---------------------------------------	----	-------	--------------	--	--

Педагог қызметкерлердің біліктілік санаты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 қарашадағы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №473 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 қарашада № 30721 болып тіркелді) сәйкес педагог кадрлармен жасақталуы жалпы орта білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын білім беру ұйымның қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Қосымша (Штаттық кесте, тарифтеу тізімі)
https://drive.google.com/drive/folders/1FLleKX_8HiElQ3I_Aaf-G8MTKx7iNnUe

5) білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың соңғы бес жылдағы аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болған жағдайда) туралы мәліметтер:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапатталған қызметкерлер тізімі:

«Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі	5 (2 %)
«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі	3 (1,2 %)
«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі	1 (0,4 %)
«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»	1 (0,4 %)
«Үздік педагог - 2016», «Үздік педагог - 2015»	2 (0,8 %)
«Астана қаласының Құрметті педагогі»	1 (0,4 %)

«Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі:

1. Болатова Р.А.
2. Омаров М.О.
3. Наурызбаева Ж.М.
4. Сафина З.М.

5. Мунайтбасова К.Х.

«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісі:

1. Болатбаева Р.А.
2. Мунайтбасова К.Х.
3. Прядко С.В.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі:

1. Болатбаева Р.А.

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері»:

1. Орынбаева К.Е.

«Үздік педагог - 2016»:

1. Мунайтбасова К.Х.

«Үздік педагог - 2015»:

1. Есманова С. С.

«Астана қаласының Құрметті педагогі»:

1. Шоразова Л.А.


Педагогикалық кадрларды қабылдау басшы мен педагог арасында жасалған еңбек шарты негізінде жүзеге асырылады. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қайшы келмейді. Есепті кезеңде педагогикалық кадрларды іріктеу және орналастыру бойынша біршама жұмыстар атқарылды. Соңғы 5 жылда өткен жылдармен салыстырғанда кадрлар тұрақталды. Жұмыстан шығу себептері негізінен тұрғылықты жерін өзгерту, зейнеткерлікке шығу болып табылады.

Ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал. Аудандық, қалалық, республикалық, халықаралық деңгейдегі білім, өнер және спорт бағыттарында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген педагогтерді ынталандыру мақсатында алғыс жарияланып, сыйақы тағайындалады. Сарыарқа ауданы, қала әкімдіктерінің, Білім басқармасының, қалалық Кәсіподақ ұйымының және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің марапаттарына ұсынылады.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ІС-ТӘЖІРИБЕСІН ТАРАТУ ЖҰМЫСЫ

Мектеп-лицей мұғалімдері өздерінің іс-тәжірибесін әдістемелік құрал жазу, семинар, конференцияларда модератор болу арқылы таратып келеді. 2023-2024 оқу жылында 16 мұғалім республикалық, қалалық семинарларда шебер-сынып өткізді:

1. Кольцов М. П. – математика және информатика пәні мұғалімі;
2. Хисматуллина Н.Ю. - информатика пәні мұғалімі;
3. Султанова З. Б. - информатика пәні мұғалімі;
4. Каирбекова К. М. – ағылшын тілі пәні мұғалімі.
5. Сурнина Н. В. - бастауыш сынып мұғалімі;
6. Исакова М. Д. - бастауыш сынып мұғалімі;
7. Прийма Е.А. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
8. Ахметбекова К. Е. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;
9. Ашимова И. У. - биология пәні мұғалімі;
10. Нурпеисова З. Ж. - биология пәні мұғалімі;
11. Ижанов Б. Б. - көркем еңбек пәні мұғалімі;
12. Зарубаев Ш. Ж. - көркем еңбек пәні мұғалімі;
13. Хамитова А. С. – тарих пәні мұғалімі;
15. Мунайтбасова К. Х. – химия пәні мұғалімі;
16. Нукенова Б. Н. – бастауыш сынып мұғалімі.



Республикалық, қалалық кәсіби байқаулардың жүлдегерлері:

1. Ашимова Ирина Утегеновна – биология пәні мұғалімі, республикалық "Педагогикалық идеялар фестивалі" байқауы - III жүлделі орынды иеленді;
2. Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен «Алтын тұғыр» республикалық олимпиадасында педагог-модератор Светлана Николаевна Белокобыльская III-орынды иеленді. Аудандық және қалалық кезеңдерде ол I орынды иеленіп, жеңімпаз атанды.
3. «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық байқауының қалалық кезеңінде биология пәнінің мұғалімі Ирина Утегеновна Ашимова жеңімпаз атанды. III жүлделі орынды қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, педагог-модератор Шайхы Гүлдана Ақылбайқызы иеленді; Шоразова Лаура Абзалқызы, педагог-шебер, тарих мұғалімі.
4. «Abai creation» байқауында ағылшын тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші Баян Кенгозыевна Ахметжанова II-ші жүлделі орынға ие болды.
5. «XXI ғасырдың инновациялық сабағы - оқу процесінде STEAM технологияларын қолдану» байқауында технология мұғалімі, педагог-сарапшы Ижанов Баубек Байконырович жеңімпаз, I-орынға ие болды.
6. Педагогтар арасындағы республикалық пәндік олимпиадада тарих мұғалімі, педагог-модератор Нұралы Әлихан Сапарұлы Гран-при жеңіп алды; информатика мұғалімі, педагог-модератор, Тышибаева Айнагуль Болатовна - 2 орын; ағылшын тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші, Ахметжанова Баян Кенгозыевна - II орын; ағылшын тілі мұғалімі, педагог-зерттеуші, Абдураимова Майда Абдукаримовна - III жүлделі орын.
7. «Алтын Тұғыр» республикалық пәндік олимпиадасының аудандық кезеңінде бастауыш сынып мұғалімдері арасында педагог-модератор Светлана Николаевна Белокобыльская жеңімпаз атанып, I-орынды иеленді, зерттеуші-педагог Елена Владимировна Сикорская II-орынды иеленді. Касымова Нургуль Қабеновна, педагог-сарапшы - III жүлделі орын, Құдайбергенова Алмагүл Таңатқанқызы, педагог-сарапшы Грамотамен марапатталды.
8. Қалалық «Үздік тәлімгер» байқауында Сайранова Гүлсезім Сайранқызы III-орынды иеленді.
9. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, педагог-модератор Вадим Сергеевич Уколов баскетболдан спорттық жарыстардың аудандық кезеңінде III-орынды

иеленді. Жұмаділ Олжас Жұмаділұлы, педагог-модератор, қалалық кезеңде - III-ші жүлделі орын.

10. Көркем еңбек мұғалімі, педагог-модератор Зарубаев Шерхан Жақсылыкович «Петроглифы» жұмысы III-ші орынды иеленді. Материалы жинаққа енді.

Республикалық, қалалық семинар өткізген мұғалімдер:

1. Болатаева Р. А. – мектеп директоры;
2. Баярстанова А. А. - директордың орынбасары;
3. Байшагирова Б. Д. - директордың орынбасары;
4. Нурпеисова З. Ж. – химия пәні мұғалімі;
5. Прийма Е. А. – орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі;
6. Шоразова Л. А. – тарих пәні мұғалімі;
7. Хамитова А. С. – тарих пәні мұғалімі;
8. Абишева Г. К. – тарих пәні мұғалімі;
9. Орынбаева К. Е. - тарих пәні мұғалімі;
10. Ақмырзаева М. С. - ағылшын тілі пәні мұғалімі;
11. Жиенбай А. Б. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
12. Сурнина Н. В. - бастауыш сынып мұғалімі;
13. Исакова М. Д. - бастауыш сынып мұғалімі;
14. Прийма Е.А. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі
15. Баяхметова Д. Ж. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;
16. Шакетаева М. К. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;
17. Ахметбекова К. Е. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;
18. Амренова А. М. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;
19. Ибрагим А. Е. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;
20. Садвакасова Д. С. - орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;
21. Ашимова И. У. - биология пәні мұғалімі;
22. Нурпеисова З. Ж. - биология пәні мұғалімі;
23. Ижанов Б. Б. - көркем еңбек пәні мұғалімі;
24. Зарубаев Ш. Ж. - көркем еңбек пәні мұғалімі;
25. Шарипова Г. Г. - математика пәні мұғалімі;
26. Аяпбергенова С. Ш. - қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі;
27. Жаксыбаева Т. О. - тарих пәні мұғалімі;
28. Стойчева Л. А. - тарих пәні мұғалімі;
29. Құлтай Б. Т. - тарих пәні мұғалімі;
30. Гербст И. В. – информатика пәні мұғалімі;
31. Кольцов М. П. - математика және информатика пәні мұғалімі;
32. Шахарова А. Б. – қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі;
33. Кайыпбекова Б. Т. - қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі;
34. Байтурганова М. С. - қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі;
35. Ерешова Б. А. - қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі;

36. Абдуллина Н. Е. - қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
37. Масугутова С. А. - қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі;
38. Мусина Н. Н. – бастауыш сынып мұғалімі;
39. Касымова Н. К. - бастауыш сынып мұғалімі;
40. Нукенова Б. Н. – бастауыш сынып мұғалімі.






Қалалық көрмеде іс-тәжірибесін таратқан мұғалімдер:

1. Нурпеисова З. Ж. - биология пәні мұғалімі;
2. Хамитова А. С. - тарих пәні мұғалімі
3. Зарубаев Ш. Ж. - көркем еңбек пәнінің мұғалімі;
4. Балтабаева А.Б. - көркем еңбек пәні мұғалімі;
5. Батырхан Т. М. - көркем еңбек пәні мұғалімі;
6. Ижанов Б. Б. - көркем еңбек пәні мұғалімі;
7. Койшыбаева Б. М. - көркем еңбек пәні мұғалімі;
8. Рахимжанова Г. И.- көркем еңбек пәні мұғалімі.
9. Султанова З. Б. – информатика пәні мұғалімі;





Халықаралық конференцияда іс-тәжірибе таратқан мұғалімдер:

1. Исакова М. Д. - бастауыш сынып мұғалімі;
2. Сурнина Н. В. - бастауыш сынып мұғалімі;
3. Тлеуова А. С. - бастауыш сынып мұғалімі;
4. Хамитова А. С. - тарих пәні мұғалімі;
5. Абдраманова Н. Р. - физика пәні мұғалімі;
6. Кольцов М. П. - информатика пәні мұғалімі;
7. Хисматуллина Н. Ю. – информатика пәні мұғалімі;
8. Нурпеисова З. Ж. – биология пәні мұғалімі;

9. Тышибаева А. Б. – информатика пәні мұғалімі;
10. Гербст И. В. - информатика пәні мұғалімі;
11. Сикорская Е. В. - бастауыш сынып мұғалімі.

Мұғалімдердің авторлық әдістемелік құрал жазып, оны қалалық әдістемелік кабинетте қорғауы бойынша соңғы үш жылдық көрсеткіш

Деңгейі	2021-2022	2022-2023	2023-2024
Мектепшілік	7 1. Хисматуллина Н. Ю. 2. Казиева Ш. Ж. 3. Кенжетаева Г. Г. 4. Букенова З. А. 5. Байжуманова И. В. 6. Тышибаева А. Б. 7. Байдаулетова З. М.	8 1. Байшагирова Б. Д. 2. Оразбаева Н. М. 3. Шахарова А. Б. 4. Кольцов М. П. 5. Төлеубаева Б. М. 6. Оразова Ә. А. 7. Абдуллина Н. Е. 8. Кемелбекова Г.Т.	3 1. Балабатырова М. М. 2. Кемельбаева Г. Т. 3. Уразова А. А.
Қалалық	5 1. Тотина Г. М. 2. Ташенова М. Ж. 3. Комаров А. С. 4. Стойчева Л. А. 5. Шавалиева Г. М.	7 1. Хисматуллина Н. Ю 2. Казиева Ш. Ж. 3. Кенжетаева Г. Г. 4. Букенова З. А. 5. Байжуманова И. В. 6. Тышибаева А. Б. 7. Байдаулетова З. М.	8 1. Байдаулетова З. М. 2. Тулебаева Б. Н. 3. Шахарова А. Б. 4. Абдуллина Н. Е. 5. Искакова М. Д. 6. Сурнина Н. В. 7. Тлеуова А. С. 8. Шоразова Л. А. 9. Тюлюбаева Г. Т. 10. Ахметбекова К. Е.
Республикалық	1 Олишевич С. И.	1 1. Бегетаева Р. А.	6 1. Куанышпаева Г. Б. 2. Алтаева Ж. А. 3. Альбергенова З. З. 4. Хамитова А. С. 5. Омаров М. О. 6. Орынбаева К. Е. 7. Тазабекова Ж. К. 8. Шакетаева М. К.
Халықаралық			1 1. Рахман Ф. Д.

Мерзімдік баспасөзге жариялау жұмысы

Атауы		Нәтижесі	Мерзімі	Мұғалімнің аты-жөні
«Письменное сложение и вычитание многозначных чисел»	«Бастауыш сынып» журналы Мақала	Жарияланды	қараша, 2023 ж.	Саликова С. Ф.
«Развитие навыков 21 века в начальной школе»	«Қазақстан ұстазы» журналы Мақала	Жарияланды	қараша, 2023 ж.	Саликова С. Ф.
«Письменное деление трехзначного числа на однозначное без перехода через разряд. Закрепление. Великие математики.»	«Бастауыш сынып» журналы Мақала	Жарияланды	қараша, 2023 ж.	Сарсебекова Э. О.
«Мои расходы»	«Қазақстан ұстазы» журналы Мақала	Жарияланды	қараша, 2023 ж.	Сарсебекова Э. О.
«Барлыбек Сыртанның қоғамдық-саяси және құқықтық ұстанымдары»	Мақала «Білім айнасы» газеті	Жарияланды	қараша, 2023 ж.	Жаксыбекова Т. О.
«Барлыбек Сыртановтың жастық шағы және қоғамдық-саяси сана сезімінің қалыптасуы»	Жаусов оқулары-28 Академик Е. А. Бөкетов атандағы Қарағанды университетінің баспансы Мақала	Жарияланды	2024 ж.	Жаксыбекова Т. О.
«Историко-культурное образование через интеграцию предметов на основе опыта учителя»	«Путь к зеленому статусу: опыт школ, колледжей и вузов» Мақала	Журналда жарияланды	2023 ж.	Хамитова А. С.

«Причины голода 1921-1922 годов и дислокация трагедии»	Журнал науки высшего образования	Журналда жарияланды	12.10. 2023 ж., Алматы	Хамитова А. С.
«TOP TEACHERS» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы	Мақала	Журналда жарияланды	2023 ж.	Мусина Н. Н:
«Даламдай дархан пір-тұлғам» «Ш. Құдайбердиев шығармаларың тәрбиелік мәні»	Жинақ	Журналда жарияланды	2024 ж.	Касымова Н. К.
«Наурыз – түркі халықтарының дәстүрлі мейрамы»	«Bilim Ainasy» республикалық ақпараттық, ғылыми-танымдық газеті Мақала	Журналда жарияланды	сәуір 2024 ж.	Балпекова Г. С.
«Тәрбие басы - тіл»	«Bilim Ainasy» республикалық ақпараттық, ғылыми-танымдық газеті Мақала	Жарияланды	23.02. 2024 ж.	Жумина Б. С.
«2- сынып»	https://youtu.be/VYfJYSGc9gc ?si=erKzXZW34dlwdHR5 Мақала	Жарияланды	2023 ж.	Кемелбекова Г. Т.
«2- сынып»	https://youtu.be/VYfJYSGc9gc ?si=erKzXZW34dlwdHR5 Мақала	Жарияланды	2023 ж.	Балабатырова М. М.

«Мир слова»	«Педагогический перекресток: школа-семья-общество» Мақала	«Қазақстанның үздік мұғалімі»	желтоқсан, 2023 ж.	Баяхметова Д. Ж.
«Развитие творческих способностей учащихся на уроках русского языка и литературы»	Мақала	«Қазақстанның үздік мұғалімі»	қараша-желтоқсан 2023 ж.	Шакетаева М. К.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ ЖАРИЯЛАУ

Тарих пәнінің мұғалімі Нұрғали Аліхан «YouTube» каналында «Тарих-и-Рашиди» парақшасында шығармашылық іс-тәжірибесімен бөлісті. Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы пәндері бойынша ҰБТ-ға дайындық сабақтары, тест талдаулары.



Тарих пәнінің мұғалімі Омаров М. О., көркем еңбек пәні мұғалімі Зарубаев Ш.Ж. «YouTube» каналында шығармашылық іс-тәжірибесімен бөлісті.

art_online_astana3000

Новые видео на канале Зарубаев Шерхан Жаксылыкович «Астана»




#BirgeOqy



#BirgeOqy Тема урока «Памятники истории и культуры»

МЕКТЕПШІЛІК ІС-ТӘЖІРИБЕ ТАРАТУ ЖҰМЫСЫ

2023-2024 оқу жылында жоспар бойынша барлық әдістемелік бірлестіктердің онкүндіктері өтті. Онкүндік барысында барлық мұғалімдер ашық сабақтар, сабақтан тыс іс-шаралар өткізді. Мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестік жетекшілері, жас мамандар, пән мұғалімдері сабақтарға қатысып, талдау жасады, өзара тәжірибе алмасты. Онкүндіктерді өткізудің осы оқу жылындағы ерекшелігі-мұғалімдер ең алдымен оқушылардың үніне құлақ салды. Оқушылардың қалауы бойынша іс-шаралар ұйымдастырды: көрмелер, квест-ойындар, жарыстар, байқаулар, сахналық қойылымдар, белсенді үзілістер, т.б.





Мектеп-лицей мұғалімдері аудандық және қалалық ауқымды семинарлар мен конференцияларда тұрақты қатысушылар, спикерлер болып табылады. Өз тәжірибелерімен мектеп, қала, республика педагогтерімен бөлісіп келеді.

Олар: Хамитова А. С., Омаров М. О. - тарих пәнінің мұғалімдері; М. Ж., Мұнайтпасова К. Х., химия пәні мұғалімі; Кольцов М. П., Хисматуллина

Н. Ю., Султанова З. Б. - информатика пәнінің мұғалімдері; Нурпеисова З.Ж. Ашимова И.У. - биология пәнінің мұғалімдері; Прийма Е. А., Ахметбекова К.Е. - орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері; Байдаулетова З.М. Шахарова А.Б., - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері. Омаров М.О., Жубанищева А.М., Телегенова А.А., Прийма Е.А., Шоразова Л.А., Тюлюбаева Г. Т., Ахметбекова К.Е. ППБ, ҰБТ-ның тест тапсырмаларын, оқулықтарды сараптау жөніндегі комиссияның құрамына кіреді.

Мектептің екі педагогі педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын өткізу бойынша педагогикалық шеберлік орталығында жаттықтырушы болып табылады: З.Ж. Нурпеисова - химия және биология пәнінің мұғалімі, Есманова С.С. – физика пәнінің мұғалімі.

Мектепте өткізілетін іс-шаралар мектеп-лицейдің сайтында, инстаграм, фейсбук платформаларында көрсетіледі.

ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

Мектепте жас мамандар мектебі жұмыс істейді, жетекшісі – Шарипова Г. Г., педагог-зерттеуші. 2023-2024 оқу жылында 7 жас педагог жұмысқа кірісті. Олардың әрқайсысы ұстаз-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің жетекшілігімен жұмыс істеді. Тәлімгерлердің жұмысы, оның жоспарлы түрде мазмұнды жүргізілуі мектепшілік бақылауда бақыланды. Жыл көлемінде жас мамандардың тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысуы, жан-жақты оқып-үйренуі қадағаланды. Педагог-психологтардың, әдістемелік бірлестік жетекшілерінің әдістемелік қолдау көрсетуі тұрақты түрде жүргізілді. Оқу жылының соңында атқарылған жұмыстарының есебі педагогикалық кеңесте қаралды. Мектеп әкімшілігі жас мамандардың ұжымға және мектепке бейімделуіне қолдау көрсетуін одан әрі жалғастыруда. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды жазуға әдістемелік бірлестік жетекшілері көмек көрсетсе, қысқа мерзімді жоспарды жазуды тәлімгерлер үйретті. Ата-аналар жиналысын жоспарлау және өткізуде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары көмектесіп, жиналысты әкімшілік жас мамандармен бірге өткізді, ата-аналармен таныстырып, бағыт-бағдар берілді. 2023 жылдың қыркүйек айында дәстүр бойынша жас мамандар мен жаңадан келген мұғалімдердің жаңа ұжымға бейімделуіне қолдау көрсету үшін «Қош келдің, әріптес!» тақырыбында коучинг-семинар ұйымдастырылды. Коучингті мектеп директоры Р.А. Болатева өткізді. Коучингке мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестік жетекшілері, тәлімгерлер қатысты. Жас мамандар қазан айынан бастап тәжірибе алмасу мақсатында әріптестерінің сабақтарына қатысты. Желтоқсан айында жас педагогтар мен тәлімгерлерге

арналған «Әдістемелік дастархан» атты семинар-тренинг өткізілді. Мақсаты: жас мамандардың кәсіби құзыреттерін дамыту. Онда тәлімгерлер мен жас мамандар Мұғалім мамандығына кіру жолындағы табыстары туралы айтып, тағы не бойынша жұмыс істеу керектігін, нені үйрену керектігін атап өтті, өз тәлімгерлеріне алғыс айтты. Тәлімгерлер жас мамандарға одан әрі кәсіби қызметте табыс тіледі. Ақпан айында «Оқыту мен оқу үдерісін жақсартудағы сабақты зерттеу әдісінің тиімділігі» атты семинар-тренинг өтті. Жас мамандарға инновациялық әдіс-тәсілдерді сабақта жүйелі қолдануды мектеп тренерлері семинар өткізу арқылы үйретеді. Коучингтер, дөңгелек үстелдер жыл бойы өткізілді. Пәндік апталар аясында жас мамандар ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өткізді. Оқу жылының соңында жас мамандар да, олардың тәлімгерлері де шығармашылық есептер берді. Оқу жылының басы мен соңын салыстыратын болсақ, жас маманның әдістемелік сауаттылығы айтарлықтай өсті, оқушы-мұғалім, ата-ана-мұғалім қарым-қатынасында өзара байланыс орнады. Аталған көмекті көрсету үшін педагог-психолог пен ұстаз-тәлімгердің кеңестері пайдаланылды. Семинарлар жұмысына осы санаттағы мұғалімдерді тарту, әдістемелік Жас мамандардың жұмысын дұрыс жолға қою және жүйелі жалғастыру үшін мақсатында ҚР «Педагог мәртебесі» туралы Заңының 13-бабына және ҚР Білім және ғылым министрінің «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығы негізінде жас мамандарға педагог-зерттеуші және педагог-шебер ұстаздар тәлімгер болып бекітілді (№ 182 бұйрық 01.09.2022 жыл).

Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы, өз циклінің сабақтарын өзара таныстыру тәжірибе жүзінде жүзеге асты.

Жас мамандар мектепте тұрақтанған.



Тәлімгерлік жұмыс

Мектептегі тәлімгерлік жұмысты дұрыс жолға қою және жүйелі жалғастыру мақсатында ҚР «Педагог мәртебесі» туралы Заңының 13-бабына және ҚР Білім және ғылым министрінің «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» 2020 жылғы 24 сәуірдегі №160 бұйрығы негізінде жас мамандарға педагог-зерттеуші және педагог-шебер ұстаздар тәлімгер болып бекітілді (№ 182 бұйрық 01.09.2022 жыл).

2023-2024 оқу жылында жаңадан оқуды аяқтап келген информатика пәні мұғалімі Т.Н. Абылкановаға, дене шынықтыру пәні мұғалімі Т.Р. Әлменге, көркем еңбек пәні мұғалімі Г.И. Рахимжановаға, информатика пәні мұғалімі Бекіш А.Т., биология пәні мұғалімі Г. М. Уябаеваға, математика пәні мұғалімі Л.К. Окановаға, химия пәні мұғалімі А.Ж. Жұмаханға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында тәлімгерлер тағайындалды.

Жыл көлемінде келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді:

- жұмыста пайдаланылатын нормативтік-құқықтық құжаттамамен жұмыс;
- мектеп құжаттамасымен жұмысқа көмек;
- жұмыс бағдарламаларын, сабақ жоспарларын жасау және іске асыру бойынша кеңес беру;
- сабақты ұйымдастыруға көмек;
- болжау жұмыстарын жасауға және талдауға көмек;
- өзара сабаққа қатысу.

Жоспарланды:

- ҰМЖ, ҚМЖ жоспарларының құрылымы туралы мәлімет беру
- Оқулық және дәптермен жұмыс жүргізу туралы ақпарат беру
- Оқытуда әдіс –тәсілдер мен қашықтан оқытудың тиімді платформаларын қолдану жолдарын көрсету
- Әдіс – тәсілдерді, оқытудың тиімді платформаларын сабақта қолданудың, тәрбиеленушіні сабаққа қалай ынталандыруға болатынын тәжірибе жүзінде көрсету
- Қатысқан сабақтарынан көрген әдіс – тәсілдеріне талдау жасау;
- Шығармашылығын арттыруға көмек беру;
- Тәлім алушының сабақтарына қатысу;

- Сабақтарындағы жеткен жетістіктеріне талдау жасау;

Оқу жылында жас мамандар мектепішілік, қалалық семинарларға жүйелі түрде қатыстырылды, мектепке бейімделді. Қалалық конкурстарға қатысты, оқушыларды олимпиадаларға дайындап, жүлделі орындарға ие болды. Мамыр айында өткен әдістемелік кеңесте тәлімгерлердің есебі тыңдалды.

Мектептегі түрлі санаттағы педагогтермен сараланған жұмыс жүйесі

Мектепте жалпы 233 мұғалім. Ұжым қалыптасқан, кадрлар тұрақтанған. Жаңадан келіп қосылған 57 мұғалім. Педагогтер өздерінің кәсіби дайындығына байланысты келесі топтарға біріктірілді:

1. Жас мамандар;
2. Әдістемелік сүйемелдеуді қажет ететін мұғалімдер;
3. Шебер, зерттеуші, сарапшы – педагогтар мен және екінші санатты мұғалімдер;
4. Шығармашыл ұстаздар тобы;
5. Әкімшілік бақылау тобы.

1. Жас мамандар тобы.

2023-2024 оқу жылында 7 жас маман жұмысқа қабылданды. Мектепте үш жылға дейін педөтілі бар 22 жас маман жұмыс істейді, ол жалпы мұғалімдер санының 9,5 %-ын құрайды. 7 жас мамандарға тәлімгерлер бекітілген.

1. Әдістемелік сүйемелдеуді қажет ететін мұғалімдер тобы.

Бұл топтағы мұғалімдер ұжымның 3,9 % құрады. Бұл топтағы мұғалімдерге оқу жылы барысында педагогика және әдістемеден жеке жұмыс, лекция ұйымдастырылды. Оны директордың орынбасарлары, әдістемелік бірлестік жетекшілері мен пән мұғалімдер өткізді және пән бойынша әдістемелік бірлестік жетекшілері көмек көрсетті. Олар: Байшагирова Б. Д., Куанышбаева Г. Б., Альбергенова З. З., Баярстанова А. А., Шарипова Г. Г., Нурпеисова З. Ж., Орынбаева К. Е., Байдаулетова З. М., Хисматуллина Н. Ю., Гербст И. В., Хамитова А. С., Аятов С. К., Алжанова Г. Б., Абдраманова Н. Р.

2. Шебер, зерттеуші, сарапшы, модератор – педагогтар мен жоғары және екінші санатты мұғалімдер тобы.

Жоғарыда аталған мұғалімдердің пайыздық көрсеткіші 75 %, ол лицей талабына сәйкес екенін көрсетеді. Аттестаттауға дайындық жұмысы жыл көлемінде жүргізілді. Мұғалімдер аттестаттау ережесімен таныстырылды. Мектепте біліктілікті арттырудың даму жоспары және траекториясы жасалған.

3. Шығармашыл ұстаздар тобы.

Ұжымның 75-80 % шығармашыл ұстаздар. Бұл топқа сенімделікпен және шығармашылықпен жұмыс істейтін мұғалімдер кіреді. Мұғалімдердің жоғары даму деңгейі-шығармашылық деңгей. Бұл мұғалімдер әр жұмысты қызығушылықпен жүргізеді, әріптестерін жетелей біледі. Авторлық бағдарламалар жазады, қорғайды, іс-тәжірибесін таратады. Сараптама комиссияларына мүше болады және түрлі деңгейдегі байқауларға қатысады, қалалық семинарларда ашық сабақтар беріп, конференцияларда іс – тәжірибелерімен бөліседі.

4. Әкімшілік бақылау тобы.

Бұл топқа барлық әкімшілік мүшелері кіреді. Әкімшілік бір - бірімен тығыз байланыста жұмыс жүргізетін бірыңғай команда. Топ мүшелерінің 3 – інің санаты зерттеуші - педагог, 2 – сарапшы-педагог, 1 – шебер-педагог, 1 – модератор-педагог. Менеджмент курсынан 4 педагог толық өтті. Мектептегі әдістемелік кеңеске барлық әдістемелік бірлестік жетекшілері кіреді. Кеңес құрамы Педагогикалық кеңес шешімімен бекітілген.

МЕКТЕПТЕГІ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ

2023-2024 оқу жылында педагогтер халықаралық және республикалық ауқымдағы бірнеше жобаларды жүзеге асырды: **«SHARE»**, **«Global»**, **«STEM»**, **«Okko»**, **«CISCO»**, **«Akelius»** жобалары. Семинарлар, конференциялар, офлайн және онлайн кездесулер өткізу кезінде мектеп-лицей мұғалімдері белсенді қатысады және спикерлер болып табылады.

SHARE жобасы бойынша зерттеу сұрағы: рефлексивті зерттеуші ортаны қалай қалыптастырамыз?

Іс-әрекет

1. Команда құру және бағыттарды бөлісу;
2. Вебинар мен менторлық сессияларға қатысу;
3. Еріктілер тобын құру;
4. Коучинг-сессиялар өткізу.

2021 жылдан бастап мектепте **«SHARE» халықаралық жобасы** бойынша зерттеу жұмысы енгізілген. Проблемалық тақырып: Оқуды, оқытуды және мектеп білімін жақсартуға арналған іс-әрекеттегі зерттеулер. **Жобаның мақсаты:** Оқуды, оқытуды және мектепте білім беруді жақсарту үшін зерттеулерді іс-әрекетте пайдалану.

Жобаның міндеттері:

1. Ынтымақтастықта жұмыс істейтін мүдделі педагогтар қатарынан мектепте хаб құру;

2. Action research арқылы білім сапасын жақсарту;
3. Рефлексивті және зерттеу дағдыларын дамыту;
4. Оқушылар мен мұғалімдердің оқыту дағдыларын дамыту.

Мектепте жобамен жұмыс істейтін мұғалімдер тобы құрылды. Жоба шеңберінде жұмысқа мүдделі 21 ерікті мұғалім тартылды. Кембридж университетімен және Bottisham Village College бірлескен семинарлар өткізілді. Жоба бойынша жаттықтырушылармен жұмыс жасалды. Сабаққа қатысу және олардың рефлексиясы өтті. Жоба шеңберінде мектеп-лицей мұғалімдері халықаралық және республикалық семинарларға қатысты.

«Global scholars» инновациялық жобасын енгізу және іске асыру жөніндегі жұмыстар 2021 жылынан бастап енгізілген.

Жобаның мақсаты: оқушылардың құрдастары арқылы тамақтанудың салауатты, орнықты және тең құқықты жүйесінің жаһандық деңгейі туралы түсінігін кеңейту.

Жобаның міндеттері:

1. Оқушылардың жаһандық құзыреттілігін дамыту;
2. Жобалау және зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту;
3. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттерін хат және виртуалды кездесулер арқылы дамыту.

Апта сайын сабақтар өткізілді; оқушылар шағын бизнес өкілдерімен сұхбат өткізді. Әр модульдің соңында оқушылардың белсенділігіне мониторинг жүргізілді. Күтілетін нәтиже: 21 ғасырдың қажетті дағдыларын арттыру; жаһандық азаматтық жауапкершілікті дамыту; проблемаларды шешуді іздестіру үшін ынтымақтастықта жұмыс істей білу.

«STEM» инновациялық жобаларды енгізу және іске асыру жөніндегі жұмыстар 2018 жылы басталды.

Жобаның мақсаты - оқушылардың жаһандық деңгей туралы көзқарасын құрдастары арқылы кеңейту

Жобаның міндеттері:

1. Оқушылардың STEM құзыреттілігін дамыту;
2. Жобалау және зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту;
3. Оқу процесіне STEM оқыту элементтерін енгізу арқылы оқушылардың ақпараттық-коммуникативтік құзыреттерін дамыту.

Күн сайын IT бағытындағы 5-11 сынып оқушылары STEM бағыттары бойынша қосымша түрлі курстармен айналысады: робототехника, компьютерлік графика, компьютерді құрудың логикалық және арифметикалық негіздері, «Стандартты емес міндеттерді шешу кезінде физикалық процестерді модельдеу», «Сайт жасау негіздері» және т.б. Әр курсты аяқтағаннан кейін мұғалімдер оқушыларды аттестаттаудан өткізеді.

Мектеп педагогтері білім беру процесінде STEM-технологияларын қолдануда тәжірибе алмасу бойынша шеберлік сыныптарын өткізді.

Семинардың мақсаты: педагогтардың инновациялық қызметін жандандыру; метапредметтік дағдыларды дамыту, әртүрлі ғылыми салаларды оқытудың бірыңғай жүйесіне кіріктіру; әріптестік мектептер педагогтарының ынтымақтасуына ықпал ету. Қойылған мақсатты шешу үшін өз алдына мынадай **міндеттер** белгіленді:

1. Әріптестік мектептер мұғалімдерінің STEM тиімді қоғамдастығын нығайту;

2. Оқытудың орталықтандырылған STEM моделін жетілдіру;

3. STEM білім беру шеңберінде мұғалімдерді оқыту және кәсіби қолдау.

Іс-шара қызықты әрі өнімді өтті. Халықаралық STEM олимпиадаға 3 оқушы қатысып Сертификатты иеленді.

«Okoo.kz онлайн-бағдарламалау мектебі» инновациялық жоба 2018 жылдан жүзеге асырылып келеді.

Жобаның мақсаты: Python бағдарламалау тілін оқыту, оқушылардың АКТ құзыреттілігін дамыту.

Жобаның міндеттері:

1. Балаларды Python бағдарламасында жұмыс істеуге үйрету;

2. Информатикадан олимпиадаға неғұрлым табысты балалардың қатысуы;

3. Оқытушының қатысуынсыз жұмыстарды бағалау және оқыту.

Жоба okoo.kz. сайтында іске асырылады. Қазіргі таңда аталмыш жобаға 12 мұғалім және 6-11 сынып оқушылары және 5-ІТ сынып оқушылары қатысуда. Негізгі назар Python ортасында бағдарламалауға аударылады. Сонымен қатар, 3Д модельдеу, веб-құрастыру, C++, робототехника ортасында бағдарламалау және компьютерлік графика бойынша курстар бар. Информатикадан олимпиаданың аудандық кезеңінің қорытындысы бойынша мектеп 5 қатысушыны қабылдады. Барлығы дипломдармен және грамоталармен марапатталды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде 5 оқушы жүлделі ІІІ орынды, 2 оқушы – ІІ-орынды, 2 оқушы – І-орынды, 1 оқушы грамотаны иеленді. Қалалық кезеңде 1 оқушы - ІІ-орынды, 3 оқушы - ІІІ орынды, 1 оқушы грамотаны иеленді.

«CISCO желілік академиясы» инновациялық жобасын іске асыру 2017 жылы басталған.

Жобаның мақсаты: Желілік академияны пайдалана отырып, озық білімді оқыту CISCO

Жобаның міндеттері:

1. Желілік академия арқылы ақпараттық сауаттылықты кеңейту;
2. Дербес және зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту;
3. Ақпараттық-коммуникативтік.

Cisco желілік академиясы - технологиялар мен заманауи оқыту әдістерін біріктіретін бірегей бағдарлама. Оқушылар мен оқытушыларға жаңа мансаптық мүмкіндіктер ашу арқылы ол өз өмірі мен жалпы қоғам өмірін жақсылыққа қарай өзгертуге көмектеседі. Курсты сәтті аяқтаған кезде оқушылар алған дағдылары мен құзыреттерін көрсете отырып, халықаралық үлгідегі CISCO сертификатын алады. Бұл жоба ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) құзыреттерін игеруге баға жетпес пайда береді. Компьютерлік ғылымның барлық салаларын қамтиды: базалық пайдаланушы мен желілік әкімшінің базалық дағдыларынан бастап жасанды интеллект, Big Data, заттардың интернеті, компьютерлік қауіпсіздік сияқты озық технологияларға дейін. Желілік академиядағы жұмыс «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына, ҚР Президентінің тапсырмасына және ББ бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Demo Day республикалық жобалар байқауының жүлдегерлері. STEM Teachers Training. Балалар "мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған Ақылды үй" жобасын жасады. Жұмысты қазылар алқасы жоғары бағалады. Жүлдегерлері: Дүйсенбай Артур, Сатуалдыпова Мадина. Жетекшісі - Майкибаева Эльмира Курметовна, информатика пәні мұғалімі.

UNISEF жобасы шеңберінде AKELIUS цифрлық платформасын пайдалана отырып орыс (туыстық емес) тілін оқыту процесін ұйымдастыру жұмысы 2021 жылы басталды. «Akelius» республикалық жобасының үйлестірушісі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, шебер-педагог А.С. Байтабенова болып табылады. 2021-2022 оқу жылында оқушылар А0 және А1 деңгейлерінен өтті, ағымдағы 2022-2023 оқу жылында А1.1 және А2 деңгейлері бойынша оқиды. Топтың орыс тілін меңгеру деңгейі әртүрлі екенін ескерсек, сараланған тәсілге ерекше назар аударылады. Оқушылар контингентін Астана қаласының Әдістемелік кабинеті Адам құқықтарын қорғау бюросымен бірлесіп анықтады. Әдістемелік көмекті Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің шетелдіктерге арналған орыс тілі кафедрасы ұсынды. 2023-2024 оқу жылы республикалық семинар «Использование современных образовательных платформ как средство повышения эффективности обучения на уроках русского языка и литературы» тақырыбында өтті. Кафедра қызметкерлері К.Е.Ахметбекованың сабақтарына бірнеше рет қатысып, мұғалімнің қызметіне жоғары баға беріп, оқушылардың коммуникативтік сөзін дамытудағы ілгерілеушілікті атап өтті. Оқу жылының соңында оқушылардың жетістіктеріне критериалды бағалау жүргізіледі,

деректерді кафедра өңдейді. Мектеп қалалық деңгейдегі семинарлар мен вебинарларға бірнеше рет қатысты, онда балалармен жұмыс бойынша практикалық тәжірибе берілді.

Зерттеу жүргізу үшін кәсіби әдебиет оқу маңызды екеніне көз жеткізгеннен кейін мектепте еріктілермен бірге көркем әдебиет оқып, талдау жолға қойылды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР

Атауы	Сынып	Педагогтар саны	Жауапты орынбасар
SHARE жобасы	9, 1	21	Баярстанова А. А.
Туған елге тағзым			Хамитова А. С.
Экочелледж	1-11		Шавалиева Г. М.
Мен оқығанды ұнатамын	1-11		
Салауатты тамақтану	2	2	Сквирская Д. К.

2023 жылғы қыркүйек айында мектеп-лицейінің бұйрығымен халықаралық SHARE жобасын жалғастырылды. 21 мұғалім жұмыс өткізді.

Қараша айында 5 мұғалім халықаралық білім берудегі цифрлық технологиялар жөніндегі мерейтойлық жаһандық Алматы қ. конференцияға қатысты. Желтоқсан айында халықаралық жоба аясында «SHARE» қалалық семинар өтті. «SHARE» халықаралық жобасының жұмысында спикерлер А.А.Баярстанова, директордың бейіндік жұмыс жөніндегі орынбасары, К.М.Каирбекова, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі жобаның үйлестірушісі болды.





2021-2022 оқу жылында мектептегі жобалар жалғастырылды. Соның ішінде тиімді жүйелі жұмыс істеген SHARE ХАЛЫҚАРАЛЫҚ жоба, «Экочеллендж», «Салауатты тамақтану», «Мен оқығанды ұнатамын» жобасы. Оқу жылы барысында қалалық конференцияда іс-тәжірибе таратылды, қалалық семинар өткізілді, оқушылар ғылыми жоба жарыстарына қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Білім беруді жаңғырту орталығына мектептегі атқарылған жұмыстар бойынша жылына екі рет есеп берілді. Келесі оқу жылына жоспарды жіберілген кемшіліктерді ескере отырып, жоспарлау ойластырылды.

Жетекші мектеп ретінде атқарылған жұмыстар

№ 60 мектеп-лицей жетекші мектеп болып табылады. 2023-2024 оқу жылында серіктес № 35, 46 мектептермен бірлескен жұмыс жүргізілді.

1. 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілді.
2. Зерттеуді жүргізуге қызығушылық танытқан еріктілер тобы құрылды.
3. Оқу жылы көлемінде еріктілермен семинарлар өткізілді.

